



Каспі-дің кәсіпкерлерге несие желілерін берудің стандарт ережелеріне өзгеріс

22.08.2020ж. «AIQYN» 123 (3787), «ЛИТЕР» 123 (3790) жарияланған Каспі-дің кәсіпкерлерге несие желілерін беруінің стандарт ережелеріне (бұдан әрі – Стандарт ережелер) 01.10.2024ж. бастап Клиент үшін жақсарту жағына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. Стандарт ережелердің 1-бабының 1.1-тармағының 26) тармақшасы мына редакцияда жазылсын:
«26) Овердрафт – Төлем лимитінің мөлшерінен тыс операцияларды жүргізуге байланысты, сондай-ақ Каспі алдындағы кез келген төлемді және (немесе) берешекті (мерзімді немесе мерзімі өткізілген), соның ішінде төлем күні Шотта ақша жеткіліксіз болған кезде және/немесе Шотты пайдаланбай Каспі-дің ішкі транзиттік шоты бойынша көрсете отырып, Клиентке банк қарызын беру есебінен берешек оңтайландырылған жағдайда тұрақсыздық айыбын, комиссияларды, негізгі борышты, Сыйақыны (Артық төлемді) өтеуге байланысты туындаған Клиенттің берешегі;».
2. Стандарт ережелердің бүкіл мәтіні бойынша «жиырма» деген сөз «он» деген сөзбен ауыстырылсын.
3. Стандарт ережелердің 2-бабының 2.3-тармағы мынадай редакциядағы 11) тармақшамен толықтырылсын:
«11) Берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және берешекті реттеуге берген күні бұл туралы Қарыз алушыға Мобильді қосымша арқылы немесе Қарыз алушының Телефон нөмірі арқылы коллекторлық агенттіктің атауы, орналасқан жері, борышкерлермен байланыс орнату үшін коллекторлық агенттіктің телефон нөмірлері көрсетілген СМС-хабарлама жіберу арқылы хабарлауға міндеттенеді».
